



Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2020 жылға арналған квотаны белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 984 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 575 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.09.2020 № 575 қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 32-бабының 1 және 4-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2020 жылға арналған квота жұмыс күшінің санына шаққанда проценттік қатынаста:

- 1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес экономикалық қызмет түрлері бойынша;
- 2) еңбекші иммигранттарды тартуға 3,9 % мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 984 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2020 жылға арналған квота

Р/с №	Экономикалық қызмет түрі	Жұмыс күшіне шаққанда %
1	Құрылыс	0,1174 %
2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	0,0284 %
3	Өңдеу өнеркәсібі	0,0302 %
4	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	0,0018 %
5	Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау	0,0004 %
6	Ауыл, орман және балық шаруашылығы	0,0217 %
7	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	0,0086 %

8	Көлік және қоймаға жинау	0,0057 %
9	Тұру және тамақтану бойынша көрсетілетін қызметтер	0,0072 %
10	Ақпарат және байланыс	0,0025 %
11	Қаржы және сақтандыру қызметі	0,0017 %
12	Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	0,0008 %
13	Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет	0,0272 %
14	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	0,0528 %
15	Білім беру	0,0020 %
16	Денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер	0,0022 %
17	Өнер, ойын-сауық және демалыс	0,0006 %
18	Өзге де көрсетілетін қызмет түрлерін ұсыну	0,0070 %
19	Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	0,00001 %
	Жиыны	0,32 %

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК